БЕКІТІЛДІ
«Астана қаласының жол қозғалысын
ұйымдастыру орталығы» ЖШС
Жалғыз қатысушысының
2026 жылғы «13» қазандағы
№ 19 шешімімен

«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Келісу/лауазымы	**Ф.И.О.**	**қолы**
Бас директор	Сәбитов Д.К.	
Басқарушы директор	Қажыбасов Ш.Б.	
Әзірлеуші: Комплаенс-офицер	Уваев Е.С.	

Астана қ. – 2026 ж.

МАЗМҰНЫ:

1-тарау. Жалпы ережелер 3
2-тарау. Негізгі ұғымдар 5
3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мәртебесі және қызметін ұйымдастыру 6
4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттары мен міндеттері 6
5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары 7
6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге мониторинг 8
7-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің өкілеттіктері . 8
8-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің ұсынымдары . 9
9-тарау. Жылдық жұмыс жоспары 9
10-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 10
11-тарау. Мүдделер қақтығысы 10
12-тарау. Ықтимал сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар туралы хабарламаларды қарау 11
13-тарау. Тексеру іс-шаралары және қызметтік тергеп-тексерулер 11
14-тарау. Байқау кеңесімен және бас директормен өзара іс-қимыл 12
15-тарау. Есептілік 12
16-тарау. Тәуелсіздік пен ресурстарды қамтамасыз ету 13
17-тарау. Комплаенс-офицердің міндеттері 13
18-тарау. Комплаенс-офицерге қойылатын шектеулер 14
19-тарау. Жауапкершілік 14
20-тарау. Қорытынды ережелер 14

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Астана қаласының жол қозғалысын ұйымдастыру орталығы» ЖШС Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже *(бұдан әрі – Ереже)* Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі *(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)* Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережеге (*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы №143 бұйрығымен енгізілген өзгеріспен)*, «Астана қаласының жол қозғалысын ұйымдастыру орталығы» ЖШС Жарғысына *(бұдан әрі – Серіктестік)* және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже мыналарды айқындайды:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің Серіктестіктің ұйымдық құрылымындағы мәртебесі мен орнын;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттары мен міндеттерін;

3) негізгі функциялары мен өкілеттіктерін;

4) жұмысты ұйымдастыру тәртібін;

5) тәуелсіздік және есеп берушілік мәселелерін;

6) Байқау кеңесімен, бас директормен және Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау тәртібін;

7) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг пен ішкі талдау жүргізу тәртібін;

8) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды қарау тәртібін;

9) есептілікті ұсыну тәртібін;

10) комплаенс-офицердің құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет – Серіктестіктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Серіктестіктің құрылымдық бөлімшесі не жауапты тұлғасы болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің ұйымдық нысаны Серіктестіктің штат санын, ұйымдық құрылымын, қызметінің ерекшелігін және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейін ескере отырып айқындалады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінде мыналарды басшылыққа алады:

– Қазақстан Республикасының Конституциясымен;

– Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен;

– Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен;

– квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережемен;

– Серіктестіктің Жарғысымен;

– Серіктестіктің жалғыз қатысушысының және Байқау кеңесінің өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерімен;

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің тәуелсіздігіне нұқсан келтірмейтін бөлігінде Серіктестік бас директорының бұйрықтары мен өкімдерімен;

– осы Ережемен;

– Серіктестіктің өзге де ішкі құжаттарымен.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметін жүзеге асыру кезінде заңдылық, тәуелсіздік, объективтілік, бейтараптық, құпиялылық, өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі, үздіксіздік, жүйелілік, тәуекелге бағдарланған тәсіл және үнемі жетілдіру қағидаттарын басшылыққа алады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өзінің функционалдық өкілеттіктерін жүзеге асыру мәселелері бойынша атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі болып табылмайды және Серіктестіктің бас директорынан, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінен тәуелсіз болып табылады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет «Астана қаласының жол қозғалысын ұйымдастыру орталығы» ЖШС Байқау кеңесіне есеп береді.

Заңнамамен және Серіктестіктің Жарғысымен жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бөлігінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет белгіленген тәртіппен жалғыз қатысушымен өзара іс-қимыл жасайды.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі қызметіне бас директордың, Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің не өзге де адамдардың араласуына жол берілмейді.

Мониторинг, талдау, тексеру, қорытынды, ұсыным немесе есеп нәтижелерін өзгерту мақсатында комплаенс-офицерге ықпал етуге жол берілмейді.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметіне кедергі келтірілген, ақпаратқа, құжаттарға, ақпараттық жүйелерге қолжетімділік негізсіз шектелген не мүдделер қақтығысы туындаған

жағдайда, комплаенс-офицер тікелей Байқау кеңесіне, ал заңнамада көзделген жағдайларда – уәкілетті мемлекеттік органға жүгінуге құқылы.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мониторингіне жататын сатып алу, қаржылық қызмет, бухгалтерлік есеп, кадр жұмысы, шарттық жұмыс, мүлікті басқару, ішкі аудит, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, процестерге құқықтық сүйемелдеу мәселелерімен байланысты функциялар жүктелмейді.

Мұндай шектеу тәуелсіздікті қамтамасыз етуге және мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған.

2-тарау. Негізгі ұғымдар

12. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет – Серіктестіктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Серіктестіктің құрылымдық бөлімшесі;

– комплаенс-офицер – өзіне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын жүзеге асыру жүктелген Серіктестік жұмыскері;

– сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

– сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

– мүдделер қақтығысы – адамның жеке мүдделері мен оның қызметтік немесе лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда жеке мүдделер оның лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектеулер;

– сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен жауаптылық белгіленген құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекетсіздік);

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықты қабылдамауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтауға бағытталған құндылықтар, көзқарастар мен мінез-құлық үлгілерінің жүйесі;

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің ұсынымы – анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелін, бұзушылықты жою жөніндегі не

Серіктестіктің ішкі процестерін жетілдіру жөніндегі ұсыныс.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мәртебесі және қызметін ұйымдастыру

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз функцияларын Серіктестіктің атқарушы органынан, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінен тәуелсіз жүзеге асырады.

14. Серіктестіктің Жарғысының 23-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Байқау кеңесі Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жұмыс тәртібін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйақысының мөлшері мен шарттарын айқындайды.

15. Байқау кеңесі Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, бұл ретте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің кәсіби қорытындылары мен ұсынымдарының мазмұнына араласуға жол берілмейді.

16. Байқау кеңесі Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету нәтижелері бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің (комплаенс-офицердің) жылдық есебін келіседі.

17. Комплаенс-офицер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері мен функцияларының орындалуын тікелей қамтамасыз етеді және оның жұмысын ұйымдастыруға жауапты болады.

18. Комплаенс-офицер өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз, объективті және бейтарап әрекет етеді.

19. Комплаенс-офицердің функцияларын мүдделер қақтығысын тудыратын не сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін функциялармен қоса атқаруына жол берілмейді.

4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттары мен міндеттері

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі қызметінің негізгі мақсаты Серіктестіктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі міндеттері:

– сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу құралдарын енгізуді қамтамасыз ету;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

– сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

– сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практикалардың сақталуын қамтамасыз ету;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігіне мониторинг жүргізу;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

– мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу;

– анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ескере отырып, ішкі бизнес-процестерді жетілдіру.

5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігі туралы ақпаратты жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге қатысады;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізеді;

5) Серіктестіктің жұмыскерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға жәрдемдеседі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оның орындалуына мониторинг жүргізеді;

8) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

9) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

10) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және (немесе) оларға қатысады;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

12) сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг жүргізеді;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың іске асырылу тиімділігіне бағалау жүргізеді;

14) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және ішкі процестердің тиімділігін арттыру жөнінде Серіктестіктің бас директоры мен тиісті құрылымдық бөлімшелеріне қарауға міндетті ұсынымдар енгізеді;

15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасайды;

16) мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

17) квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара іс-қимыл жасайды;

18) қоғамдық бірлестіктермен және өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

23. Серіктестіктің қызмет ерекшелігін ескере отырып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мүдделер қақтығысын тудырмайтын жағдайда, комплаенс, іскерлік этика, орнықты даму мәселелерімен байланысты функцияларды жүзеге асырады.

6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге мониторинг

24. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мынадай шектеулер мен талаптардың сақталуына мониторинг жүргізеді:

1) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы;

2) заңнамамен белгіленген қаржылық бақылау шаралары;

3) мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі заңнама талаптары;

4) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жақын туыстарымен, жұбайларымен және (немесе) жекжаттарымен бірге жұмыс істеуіне тыйым салу;

5) сыйлықтарды алу және беру кезіндегі тыйымдар мен шектеулер;

6) қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдалануға тыйым салу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де талаптар мен шектеулер.

7-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің өкілеттіктері

25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз құзыреті шегінде:

1) функцияларды орындау үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтер мен материалдарды сұратады және алады;

2) белгіленген тәртіппен Серіктестіктің өз қызметінде пайдаланатын ақпараттық жүйелері мен дерекқорларына қолжетімділік алуға, сондай-ақ жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті ақпараттық ресурстар мен дерекқорларды ұстаушы ұйымдармен *(әртүрлі меншік нысанындағы)* ақпараттық өзара іс-қимыл жасау туралы келісімдер *(меморандумдар)* жасасуды Серіктестік алдында бастамашылық етуге;

3) тексеру іс-шараларына, қызметтік тексерулер мен қызметтік тергеп-тексерулерге қатысады;

4) қызметтік тергеп-тексеру жүргізілетін адамнан, сондай-ақ қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде өзге де адамдардан жазбаша түсініктеме алады;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер мен жұмыскерлердің ақпаратын тыңдайды;

6) заңнамада көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді;

7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыретіне жататын мәселелерді қарау кезінде Байқау кеңесінің отырыстарына қатысады;

8) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мәселелерін қарауды бастамашылық етеді;

9) бас директорға және құрылымдық бөлімшелерге ұсынымдар енгізеді;

10) ұсынымдарды қарау нәтижелері бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат беруді талап етеді;

11) ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізеді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің ұсынымдары

26. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және ішкі процестердің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдары Серіктестіктің бас директоры мен тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қарауына міндетті болып табылады.

27. Ұсынымдар Серіктестіктің бас директорына не тиісті мәселе оның құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшеге жіберіледі.

28. Ұсынымдарды қарау қорытындылары бойынша құрылымдық бөлімшелер қабылданған шаралар туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне хабарлайды не ұсынымды орындаудың мүмкін еместігі туралы негізделген дәлелдеме ұсынады.

29. Орындалмаған ұсынымдар, оларды орындаудан негізсіз бас тарту не елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы туралы ақпарат Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің есебіне енгізіледі және Байқау кеңесінің назарына жеткізіледі.

9-тарау. Жылдық жұмыс жоспары

30. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметі жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

31. Жылдық жұмыс жоспарын Серіктестіктің Байқау кеңесі бекітеді.

32. Жылдық жоспарда мынадай бағыттар бойынша іс-шаралар көзделеді:

– сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

–сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг жүргізу;

–сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту өткізу;

–ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізу;

–заңнамадағы өзгерістерге мониторинг жүргізу;

–ықтимал сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар туралы хабарламаларды қарау;

–сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау;

–сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

–Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметінің өзге де бағыттары.

10-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

33. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

34. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

– талдау объектілерін айқындайды;

–ақпаратты жинауды және талдауды жүзеге асырады;

–сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен жағдайларын анықтайды;

–сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды жүзеге асырады;

–оларды жою және барынша азайту жөнінде ұсыныстар қалыптастырады;

–ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізеді;

– талдау нәтижелерін тиісінше құжаттауды қамтамасыз етеді.

35. Талдау объектілерін айқындау кезінде мыналар ескеріледі:

– алдыңғы талдаулардың нәтижелері;

–азаматтар мен жұмыскерлердің өтініштері;

–тексерулердің нәтижелері;

–бұзушылықтар туралы мәліметтер;

–мониторинг нәтижелері;

–заңнамадағы өзгерістер;

–қаржылық және мүліктік көрсеткіштер;

–Серіктестік қызметінің ерекшелігі.

11-тарау. Мүдделер қақтығысы

36. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды.

37. Серіктестік жұмыскері мүдделердің әлеуетті немесе нақты қақтығысы туындаған кезде дереу өзінің тікелей басшысына және (немесе) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне хабарлауға міндетті.

38. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ұсынылған ақпаратты бағалауды жүзеге асырады және мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

39. Мүдделер қақтығысын реттеу шаралары мыналар болуы мүмкін:

1) жұмыскерді нақты шешім қабылдауға қатысудан шеттету;

2) тиісті өкілеттіктерді басқа жұмыскерге беру;

3) лауазымдық міндеттер аясын өзгерту;

4) жеке мүдделіліктен бас тарту;

5) заңнамамен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен көзделген өзге де шаралар.

12-тарау. Ықтимал сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар туралы хабарламаларды қарау

40. Серіктестікте ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзге де бұзушылықтары туралы хабарлаудың қолжетімді арналарының жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

41. Хабарлама мынадай тәсілдермен ұсынылуы мүмкін:

– жазбаша түрде;

–электрондық байланыс арналары арқылы;

–сенім телефоны арқылы;

–ресми интернет-ресурс арқылы;

– өзге де қолжетімді тәсілмен.

42. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз құзыреті шегінде келіп түскен хабарламаларды тіркеуді және қарауды қамтамасыз етеді.

43. Хабарламаны қарау кезінде объективтілік, бейтараптық, құпиялылық, ақпаратты қорғау, мүдделер қақтығысын болдырмау қамтамасыз етіледі.

44. Ықтимал сыбайлас жемқорлық бұзушылық туралы адал ниетпен хабарлағаны үшін жұмыскерге не өзге де адамға қысым көрсетуге жол берілмейді.

13-тарау. Тексеру іс-шаралары және қызметтік тергеп-тексерулер

45. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері

бойынша тексеру іс-шараларына, қызметтік тексерулер мен қызметтік тергеп-тексерулерге қатысады.

46. Қызметтік тергеп-тексеру жүргізу кезінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қаралып отырған мән-жайларға қатысы бар адамдардан жазбаша түсініктеме алуға құқылы.

47. Комплаенс-офицердің объективтілігі мен бейтараптығына әсер етуі мүмкін мән-жайлар болған жағдайда, ол тексеруге не тергеп-тексеруге қатыспайды.

14-тарау. Байқау кеңесімен және бас директормен өзара іс-қимыл

48. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша Байқау кеңесімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

49. Серіктестіктің бас директоры Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметі үшін ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларды қамтамасыз етеді.

50. Бас директор мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне қажетті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

2) құжаттар мен материалдарды беруге;

3) жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етуге;

4) ұсынымдарды қарауға;

5) қабылданған шаралар туралы хабарлауға;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің тәуелсіз қызметіне араласпауға міндетті.

51. Елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындаған не ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық анықталған жағдайда, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Байқау кеңесіне тікелей хабарлауға құқылы.

15-тарау. Есептілік

52. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жыл сайын Байқау кеңесіне өз қызметі туралы есеп береді.

53. Жылдық есепте, оның ішінде мыналар қамтылады:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің бұзылуы туралы ақпарат;

3) оларды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы мәліметтер;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау туралы мәліметтер;

5) жылдық жұмыс жоспарының орындалуы туралы мәліметтер;

6) өткізілген оқыту іс-шаралары туралы мәліметтер;

7) келіп түскен хабарламалар туралы мәліметтер;

8) қаралған мүдделер қақтығысы туралы мәліметтер;

9) ұсынымдардың орындалуы туралы мәліметтер;

10) проблемалық мәселелер туралы ақпарат;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

54. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жылдық есебін Байқау кеңесі келіседі.

55. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тоқсан сайын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Серіктестікте қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

56. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыреті шегінде қосымша ақпарат беріледі.

16-тарау. Тәуелсіздік пен ресурстарды қамтамасыз ету

57. Серіктестік Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне заңнамада белгіленген тәртіппен коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, қажетті ақпарат пен құжаттарға, ақпараттық жүйелер мен дерекқорларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

58. Серіктестік Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүктелген өкілеттіктерді орындау үшін жеткілікті кадрлық, ұйымдастырушылық және техникалық ресурстармен қамтамасыз етеді.

59. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметіне кедергі келтіруге, ақпаратқа қолжетімділікті негізсіз шектеуге, сондай-ақ комплаенс-офицерге оның өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде ықпал етуге жол берілмейді.

60. Қажет болған жағдайда комплаенс-офицерге біліктілігін арттыруға, оқыту іс-шараларына, семинарлар мен конференцияларға, сертификаттау бағдарламаларына қатысуға мүмкіндік беріледі.

17-тарау. Комплаенс-офицердің міндеттері

61. Комплаенс-офицер:

– Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

–тәуелсіздікті, объективтілікті және бейтараптықты сақтауға;

–алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

–мүдделер қақтығысын болдырмауға;

–жұмыс нәтижелерін тиісінше құжаттауды қамтамасыз етуге;

–елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы Байқау кеңесіне уақтылы хабарлауға;

–ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізуге;

–кәсіби біліктілігін арттыруға;

–кәсіби этика нормаларын сақтауға;

–қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

18-тарау. Комплаенс-офицерге қойылатын шектеулер

62. Комплаенс-офицер:

– құпия ақпаратты жеке мүддесіне пайдалануға;

–мүдделер қақтығысы болған жағдайда іс-шараларға қатысуға;

–объективтілікке әсер етуі мүмкін сыйлықтар немесе қызметтер қабылдауға;

–қызметтік жағдайын жеке мақсатта пайдалануға;

–объективтілікке әсер етуі мүмкін болса, өзі бұрын тікелей қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

–Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің тәуелсіздігіне күмән келтіруі мүмкін өзге де әрекеттер жасауға тиіс емес.

19-тарау. Жауапкершілік

63. Комплаенс-офицер өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және еңбек шартына сәйкес жауапты болады.

64. Серіктестіктің жұмыскерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының және осы Ереженің талаптарын бұзғаны үшін жауапты болады.

65. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары өз өкілеттіктері шегінде мыналар үшін жауапты болады:

1) ақпарат бермеу;

2) анық емес ақпарат беру;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметіне негізсіз кедергі келтіру;

4) ұсынымдарды қарау жөнінде шаралар қабылдамау;

5) ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен бұзушылықтар туралы ақпаратты жасыру.

20-тарау. Қорытынды ережелер

66. Осы Ереже Серіктестіктің Байқау кеңесі бекіткен күнінен бастап күшіне енеді.

67. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережені және Серіктестіктің Жарғысын ескере отырып енгізіледі.

68. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, осы Ереженің нормалары заңнамаға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

69. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет заңнамадағы өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізеді және қажет болған жағдайда осы Ережені заңнамаға сәйкес келтіру туралы Байқау кеңесіне ұсыныстар енгізеді.

70. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Серіктестіктің Жарғысымен және өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

_____